

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайы" республикалық мемлекеттік мекемесінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 қаңтардағы № 28 қаулысы

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайы» республикалық мемлекеттік мекемесі оған Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Алтын және бағалы металдар мемлекеттік мұражайы» республикалық мемлекеттік мекемесін қосу жолымен заңнамада белгіленген тәртіппен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қ а б ы л д а с ы н .

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

2 7

қ а ң т а р д а ғ ы

№

2 8

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1003 қаулысымен.**

2. «Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулысында: көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктер мен өзге де орталық атқарушы

органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелеріндегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерінде:

1 - б ө л і м д е :

мына:

«

1.	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, оған ведомстволық бағыныстағы республикалық мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	1219,5
	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне ведомстволық бағыныстағы республикалық мемлекеттік мекемелер, оның ішінде:	1050,5

»

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

1.	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, оған ведомстволық бағыныстағы республикалық мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:	1696,5
	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне ведомстволық бағыныстағы республикалық мемлекеттік мекемелер, оның ішінде:	1527,5

»;

«Алтын және бағалы металдар мемлекеттік мұражайы 25» деген жол алынып т а с т а л с ы н ;

«Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайы 29» деген жол мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайы 531».

3. «Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 26 маусымдағы № 610 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 31, 316-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Мәдениет комитетінің қарамағына берілетін ұйымдардың тізбесінде:

«Мұражайлар» деген бөлімде:

реттік нөмірі 18-жол алынып тасталсын.